

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2016 жылғы 1 қараша

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші, Сот Төрағасы А.А.ФЕДОРЦОВ, баяндамашы судья А.М. АЖИБРАИМОВА, судьялар Э.В. АЙРИЯН, Ж.Н. БӘЙШЕВ, Д.Г. КОЛОС, Т.Н. НЕШАТАЕВА, В.Х. СЕЙТІМОВА, Г.А. СКРИПКИНА, А.Э. ТУМАНЯН, К.Л. ЧАЙКА, сот отырысының хатшысы А.К. АСАНАЛИЕВАНЫҢ қатысуымен, баяндамашы судьяны тыңдап, іс материалдарын зерттеп, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өтінішін қарап, Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 49, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қойылған сұрақ бойынша 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Еуразиялық экономикалық одақ органдары шешімдерінің ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

Өтініш берушінің сұрағы

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотынан (бұдан әрі – Сот) мынадай сұрақ бойынша түсіндірме беруді сұрайды: егер алдын ала кедендік декларация берілген тауарларды шығару тарифтік квоталар шегінде әкелінетін тауарлар импортына лицензияның қолданылу мерзімі өткеннен кейін жүзеге асырылса, белгіленген көлем шегінде тауарлар әкелу үшін көзделген кедендік әкелу баждарының төмендетілген мөлшерлемелері қолданыла ма?

Сот құзыреті

2. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 46-тармағына сәйкес Сот

Одаққа мүше мемлекеттің немесе оның органының өтініші бойынша 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Одақ туралы шарт), Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Одақ органдары шешімдерінің ережелерін, сондай-ақ Одақ органдары мен Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өтініші бойынша Одақ туралы шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Одақ органдары шешімдерінің еңбек құқықтық қатынастарына байланысты шешімдерінің ережелерін түсіндіруді жүзеге асырады.

Одақ туралы шарттың VIII бөліміне қатысты өтпелі ережелерге (Одақ туралы шарттың 101-бабы) сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі күшіне енгенге дейін Одақтағы кедендік реттеу 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа және Одақ туралы шарттың 101-бабының ережелерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін, Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарт-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған және Одақ туралы шарттың 99-бабына сәйкес Одақ құқығына кіретін өзге де халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден одағының Кеден кодексі (бұдан әрі – КО КК) 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа қосымша болып табылады және Одақ шеңберінде қолданылатын халықаралық шартты білдіреді және жазылғандар негізінде Одақ құқығына кіреді.

Одақ туралы шартқа № 6 қосымша болып табылатын Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама (бұдан әрі – Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттама) Одақ туралы шарттың IX бөліміне сәйкес әзірленді, Одақтың кедендік аумағында кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану қағидаттары мен тәртібін айқындайды және Одақ туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы «Кеден органдарының ЕурАЗЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына лицензияланатын тауарларды әкелуді және осы аумақтан лицензияланатын тауарларды әкетуді бақылаудың бірыңғай тәртібі жөніндегі ереже туралы» № 687 шешімі (бұдан әрі – Бақылаудың бірыңғай тәртібі туралы ереже) 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың 38-бабының екінші және үшінші абзацтарына, Одақ туралы шарттың 99-бабының 2-тармағына сәйкес Одақтың қолданыстағы құқықтық актісі болып табылады.

Одақтың тізбеленген халықаралық шарттары мен оның органының шешімі Одақ туралы шарттың 6-бабына сәйкес Одақтың құқығына, оларды түсіндіру Сот Статутының 46-тармағына сәйкес – Соттың нысаналық құзыретіне кіреді.

Одаққа мүше мемлекеттер, Одақтың органдары, Одақ органдарының және Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдары Сотқа түсіндіру туралы өтінішпен жүгіну құқығы берілген субъектілер болып табылады.

Сотқа мүше мемлекеттің атынан түсіндіру туралы өтінішпен жүгінуді Сот Статутының 49-тармағына сәйкес тізбесін әрбір мүше мемлекет айқындайтын мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдары жүзеге асырады және ол дипломатиялық арналар арқылы Сотқа жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2015 жылғы 20 мамырдағы № 21-37596/1759 нотамен Сотты «Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жүгінуге уәкілеттік берілген органдар мен ұйым туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 20 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер, Инвестициялар және даму, Ұлттық экономика және Әділет министрліктеріне Одақ туралы шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінуге уәкілеттік берілгенінен хабардар етті.

Өтінішке Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының басшысы – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі қол қойған, бұл Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламенті (бұдан әрі – Сот Регламенті) 10-бабының 2-тармағына, 31-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес келеді.

Осылайша, түсіндіру туралы өтінішті Сот Статутының 46 және 49-тармақтарында айқындалғандай уәкілетті адам берді.

3. Сот Статутының 73-тармағына сәйкес Сот түсіндіру туралы істі Соттың Үлкен алқасының отырысында қарайды.

Одақ актілерінің ережелерін Соттың түсіндіруі 1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының 1-тармағында бекітілген адал түсіндіру қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Соттағы рәсім

4. Өтініш беруші Еуразиялық экономикалық комиссияның, Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметінің, Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің сұратылатын сұрақ жөніндегі материалдарды қоса берді.

Істі Соттың қарауына дайындау шеңберінде Дүниежүзілік кеден ұйымының Бас хатшысына ақпарат беру туралы сұрау салу, сондай-ақ

позициясын ұсыну туралы Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының сыртқы істер министрліктеріне, Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының Әділет министрліктеріне, Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметіне, Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салу жіберілді.

Сұрау салуға Дүниежүзілік кеден ұйымының Хатшылығынан, Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігінен, Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметінен, Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының Әділет министрліктерінен жауаптар келіп түсті.

Сот түсіндіруді өтініш беруші сұрап отырған сұрақ бойынша «Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың Еуразиялық одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілдері К.М. Алдабергенов пен Н.Н. Ефимчукты тыңдады.

Соттың Үлкен алқасының қорытындылары

5. Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің сұрағына жауап беру үшін тарифтік квота, тарифтік квота шеңберінде импортқа лицензия сияқты ұғымдар, сондай-ақ тарифтік квоталар шегінде әкелінетін тауарлар импортына лицензияның қолданылу мерзімі өткен жағдайда кедендік әкелу баждарының жеңілдікті мөлшерлемелерін қолдану тәртібі түсіндіруді талап етеді деп есептейді.

6. Тарифтік квота ұғымы Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттаманың 2-тармағында қамтылған және белгілі бір кезең ішінде белгіленген мөлшер шегінде (заттай немесе құндық мәнде) және осы мөлшерден тыс әкелінетін тауарларға қатысты Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының сараланған мөлшерлемелерін қолдануды көздейтін, Одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден шығатын ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін әкелуді реттеу шарасын білдіреді.

Тарифтік квоталарды белгілеу өкілеттіктері Одақ туралы шарттың 45-бабының 1-тармағы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) айырықша құқығы болып табылады. Тарифтік квоталарды белгілеуден басқа, Комиссия тарифтік квоталардың көлемін мүше мемлекеттер арасында бөледі, тарифтік жеңілдіктерді қолдану әдістері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ тарифтік жеңілдіктерді беру жағдайлары мен шарттарын белгілейді, тарифтік жеңілдіктерді қолдану тәртібін айқындайды.

Комиссия тарифтік квоталарды белгілеу жөніндегі өзінің өкілеттіктерін тарифтік квотада көзделген көлемі шегінде және одан тыс әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларына қатысты Одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің әкелу баждарының жеңілдікті мөлшерлемелерін бекіту арқыл іске асырады.

Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттаманың 5-тармағында үшінші елден шығатын және Одақтың кедендік аумағына әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты, Комиссия белгілейтін тарифтік квотаның көлемі осындай тауарды Одақтың кедендік аумағында тұтыну көлемі мен осыған ұқсас тауарды Одақтың кедендік аумағында өндіру көлемі арасындағы айырмадан аспауға тиіс екені көзделген. Егер көрсетілген Хаттаманың 6-тармағына сәйкес осыған ұқсас тауарды Одақтың кедендік аумағында өндіру көлемі осындай тауарды тұтыну көлеміне тең болса немесе одан асатын болса, тарифтік квоталарды белгілеуге жол берілмейді.

Демек, тарифтік квота ауыл шаруашылығы тауарының жекелеген түрін өндіру мен тұтыну арасында теңсіздік болғанда, атап айтқанда осы тауардың түрін өндіру оны тұту нормаларын қанағаттандырмағанда ғана қолданылады.

Осылайша, тарифтік квоталаудың мақсаты – саны Одақтың ішкі нарығының қажеттілігі үшін жеткілісіз тауардың орнын толтыру.

Комиссия тарифтік квоталардың көлемін белгілеу жөніндегі өкілеттіктерін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының «Ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін 2016 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге тарифтік квоталарды, сондай-ақ осы тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағына әкелу үшін тарифтік квоталардың көлемін белгілеу туралы» 2015 жылғы 18 тамыздағы № 99 шешімін (бұдан әрі - № 99 шешім), сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына 2017 жылы әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты тарифтік квоталарды белгілеу туралы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін осы тауарларға қатысты тарифтік квоталардың көлемі туралы» 2016 жылғы 30 тамыздағы № 97 шешімін (бұдан әрі - № 97 шешім) қабылдау жолымен іске асырды.

№ 99 шешімнің 1-тармағынан және № 97 шешімнің 1-тармағынан тарифтік квоталар күнтізбелік бір жылға: 2016 және 2017 жылдарға белгіленгені түсінікті болып отыр.

Мүше мемлекеттер Комиссия белгілеген тарифтік квоталардың көлемін ұлттық заңнамаға сәйкес сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөледі, сондай-ақ атқарушы биліктің құзыретті органына тарифтік квота шеңберінде тауарлар әкелуге лицензиялар беруді жүзеге

асыруға (№ 99 шешімінің 4-тармағы, № 97 шешімнің 4-тармағы) тапсырма береді.

7. Одақтың кедендік аумағына кедендік баждың жеңілдікті мөлшерлемесі бойынша белгілі бір көлем шегінде тауарлар әкелу құқығы тиісті лицензиямен расталады.

Тарифтік квоталар шеңберінде тауарлар импортын лицензиялау Одақ туралы шартқа № 7 қосымша болып табылатын Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (бұдан әрі - Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттама) 47-тармағында көзделген. Осы Хаттаманың 2-тармағында «лицензия» ұғымы «тауарлар экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыру құқығына арналған арнайы құжат» ретінде айқындалған.

Одақ туралы шарттың 46-бабында тарифтік емес реттеу шараларының түпкілікті тізбесі белгіленген. Тарифтік квотаны іске асыру шеңберінде берілуге жататын лицензия тарифтік емес реттеу шараларының қатарына жатпайды.

Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың 47-тармағына сәйкес лицензиялау Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының сыртқы сауда қызметіне қатысушыға тауарлар экспортына және (немесе) импортына лицензия беруі жолымен іске асырылады.

Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың 4-тармағына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы шешім қабылданған тауарлар үшінші елдермен саудадағы тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне (бұдан әрі – тауарлардың бірыңғай тізбесі) енгізіледі. Бұл ретте тауарлардың бірыңғай тізбесіне тарифтік квота белгілеу және лицензиялар беру туралы шешім қабылданған тауарлар да енгізіледі.

Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу шарасы ретінде тарифтік квоталарды қолдану жөніндегі құқықтық қатынастар үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шараларын қолдану тетігінің қолданылу аясына түседі, ал тарифтік квотаның Комиссия айқындаған көлемі мен қолданылу мерзімі шегінде әкелінетін тауарлар үшін Комиссия белгілейтін кедендік әкелу баждарының жеңілдікті мөлшерлемелерін қолданудың құқықтық негіздері осындай тауарлар импортына қолданыстағы лицензияның болуымен толықтырылады.

Алайда, өзінің берілуі шеңберіндегі мұндай лицензия тарифтік квотадан бөлек қаралмайтын шара болып табылады.

Одақ туралы шарттың 46-бабын, Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманы және Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттаманы талдау тарифтік квота шеңберінде лицензиялау тарифтік реттеуді іске асыру үшін ерекше нысанды білдіреді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Тарифтік квотаны бөлмей мұндай лицензияның берілуі мүмкін емес. Сондықтан тарифтік квота шеңберінде берілетін импортқа лицензияның нысаналы мақсатын ескеріп, оны дербес тарифтік емес реттеу шарасы ретінде қарауға негіз жоқ.

Жазылғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы тарифтік квота шегінде әкелінуіне жол берілетін тауар тарифтік реттеу шарасы және тиісінше кедендік баждың жеңілдікті мөлшерлемесі белгіленген лицензияланатын тауарды білдіреді деген тұжырымға келеді.

Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттаманың 2-тармағында келтірілген тарифтік квотаны айқындауды негізге алып, тауар әкелу жүзеге асырылатын кезең тарифтік квота белгілеудің міндетті шарты болып табылады.

Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы хаттаманың 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгілі бір мерзімге тарифтік квота белгілеу тарифтік квота белгілеу туралы шешім қабылданған кезде сақталуы тиіс міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Бақылаудың бірыңғай тәртібі туралы ереженің 10-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес кеден одағының кедендік шекарасы арқылы лицензияланатын тауарларды (тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген лицензияланатын тауарларды қоспағанда) өткізу және алғашқы кедендік рәсімді мәлімдеу кезінде кедендік декларацияны беру лицензияның қолданылу мерзімі шегінде жүзеге асырылады.

Тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Тауарлар экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 9-тармағының екінші абзацында тарифтік квоталар қолданылатын тауарлар үшін лицензиялардың қолданылу кезеңі квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталатыны көзделген.

Ендеше, тарифтік квота шеңберінде берілген лицензия негізінде тауар әкелуді жүзеге асыратын субъектіде туындайтын құқықтар мен міндеттердің көлемі лицензияның қолданылу кезеңімен шектелген.

Осылайша, осы Ереженің 10-тармағында тиісті тауарларға қолданылатын шараға (тарифтік немесе тарифтік емес) қарай лицензияның қолданылу мерзімі шегінде лицензияланатын тауарлармен жүргізілетін іс-қимылдардың түрлі көлемі белгіленеді. Тарифтік квота белгіленетін тауарлар үшін тарифтік квота, яғни тарифтік реттеу шарасы қолданылады, лицензияның қолданылу мерзімі шегінде лицензияланатын тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу және алғашқы кедендік рәсімді мәлімдеу кезінде кедендік декларацияны беру көзделген, ал тарифтік емес шаралар қолданылатын тауарлар үшін лицензияның қолданылу мерзімі шегінде шығаруға рұқсат беру туралы талап белгіленген. Жоғарыда көрсетілген Ереженің 10-тармағынан тауарлардың бірінші санаты үшін оларды өткізу және кедендік декларацияны беру туралы талапты, ал екіншісі үшін –

лицензияның қолданылу мерзімі шегінде шығару туралы талапты көруге болады.

КО КК 4-бабы 1-тармағының 22) тармақшасы негізінде тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу деп тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу немесе тауарларды Кеден одағының кедендік аумағынан әкету түсініледі. КО КК 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу - кедендік шекарадан өткізуге байланысты іс-әрекеттерді жасау, оның нәтижесінде кеден органдары шығарғанға дейін кез келген тәсілмен Кеден одағының кедендік аумағына келу. Осылайша, тауарларды кедендік аумаққа әкелу – бұл нәтижесінде тауар кедендік аумаққа келген, бірақ оны кеден органы шығармаған іс-қимылдар кешені.

Осы жазылғандарды ескеріп, Соттың Үлкен алқасы жеңілдікті кедендік баж бойынша квоталанатын тауарларды әкелуге арналған лицензияның мерзімі оларды Одақтың кедендік аумағына әкелу кезіне әрекет етеді деген тұжырымға келеді.

8. КО КК 4-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес кедендік декларация – бұл белгіленген нысан бойынша жасалған, тауарлар туралы, таңдалған кедендік рәсім туралы мәліметтерді және тауарларды шығару үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтитын құжат.

КО КК 183-бабының 1-тармағына сәйкес кедендік декларация оны толтыруға негіз болған құжаттармен бірге жүруге тиіс. КО КК 183-бабының 1-тармағы 5), 8) және 10) тармақшаларының ережелеріне сүйене отырып, мұнда құжаттардың ішінде: тыйымдар мен шектеулердің сақталғанын растайтын құжаттар; Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі – СЭҚ ТН) бойынша тауардың сыныптау кодын мәлімдеуге негіз болған құжаттар бар. Жеңілдікті мөлшерлеме бойынша тарифтік квота шегінде тауар импортына лицензия ұсыну СЭҚ ТН бойынша тауардың тиісті сыныптау кодын таңдаудың негізділігін растайды.

КО КК-ның көрсетілген нормалары тауар импортына лицензияны қоса алғанда, тауарларды шығару үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер ұсыну туралы талап та кедендік декларация беру кезіне жататыны растайды.

9. Алдын ала кедендік декларациялауды қолдану, яғни декларанттың кеден органына тауарлар туралы, таңдалған кедендік рәсім туралы мәліметтер және (немесе) тауарларды шығару үшін қажетті өзге де мәліметтерді оларды Одақтың кедендік аумағына әкелгенге дейін мәлімдеуі КО КК 193-бабында белгіленген және оның мақсаты тарифтік квоталар шегінде әкелінетін лицензияланатын тауарларды кедендік рәсімдеуді оңайлату, сондай-ақ сыртқы сауда айналымына қатысушылардың уақыт және қаржы шығындарын қысқарту болады.

Сонымен қатар, тауарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу фактісі болмағанда алдын ала кедендік декларациялау тарифтік квота шегінде әкелінген тауар үшін белгіленген кедендік баждың жеңілдікті мөлшерлемесін қолдануға негіз болып табылмайды. Егер тауарлар кедендік декларация тіркелген күннен бастап 30 күн ішінде кеден органына мәлімделмеген жағдайда, КО КК 193-бабының 6-тармағы мұндай тауарларды шығарудан бас тартылатынын белгілейді.

10. КО КК 4-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тауарларды шығару – бұл кеден органдарының мүдделі тұлғаларға тауарларды мәлімделген кедендік рәсім талаптарына сәйкес немесе КО КК сәйкес кедендік рәсімдермен орналастыруға жатпайтын тауарлардың жекелеген санаттары үшін белгіленген шарттарға сәйкес пайдалануға рұқсат беретін әрекеті.

КО КК 195-бабы 1-тармағының ережелері тауарларды шығарудың қажетті шартты ретінде лицензияның қолданылу мерзіміне қатысты талаптар белгілемейді және егер шығару кезінде лицензияның қолданылу мерзімі өткен жағдайда, шығаруға тыйым салуды белгілемейді. Осыған байланысты, шығару үшін қажетті құжаттар мен мәлімттер ұсыну туралы талап кедендік декларация беру кезіне жатады және ендеше, шығару үшін қажетті құжаттар арасындағы қолданыстағы лицензияны ұсыну туралы талап та кедендік декларацияны беру кезіне жатады.

Соттың Үлкен алқасы жазылғандар негізінде лицензияның қолданылу мерзімі шегінде кедендік баждың жеңілдікті мөлшерлемесін қолдану үшін іс-қимылдардың мынадай жиынтығы жасалуға тиіс деген тұжырымға келеді: тарифтік квота белгіленген тауарды Одақтың кедендік аумағына әкелу және алғашқы кедендік рәсімді мәлімдеу кезінде кедендік декларацияны беру. Бұл ретте кедендік декларация алдын ала кедендік декларациялау тәртібінде де берілуі мүмкін.

Соттың Үлкен алқасы Одақ туралы шарттың 33-бабының 2-тармағында бекітілген Одақтың сыртқы сауда саясатының мақсаттарына сүйенеді: мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушылары үшін Одақтың мақсаттарына тиімділікпен қол жеткізуді қамтамасыз етуге қажеттіден гөрі оншалықты ауыртпалықты болып табылмайтын Одақтың сыртқы сауда саясатын жүзеге асыру шаралары мен тетіктерін қолдану; мүше мемлекеттердің сыртқы сауда қызметіне қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді шығарушылар мен тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

11. Соттың Үлкен алқасы Одақта қолданылатын құқықтық реттеу іс жүзінде әкелу жағдайында және кедендік декларацияны беру кезінде тауарды әкелу кезінде қолданыста болған лицензия қоса алғанда, ілеспе құжаттардың қажетті жиынтығымен бірге тауарды шығару міндетін белгілемейтінін атап өтеді.

Соттың Үлкен алқасы лицензияның қолданылу мерзімі шегінде тарифтік квота бойынша тауарды Одақтың кедендік аумағына әкелуді және кедендік декларацияны беруді, оның ішінде алдын ала декларацияны пайдалана отырып жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы үшін кедендік бажды жеңілдікті мөлшерлемесіз төлеу түріндегі салдары болмауға тиіс деп пайымдайды.

Жазылғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің сұрағына мынадай түсіндірме беруді негізді деп санайды.

Тарифтік квотаның бөлінген көлемі мен оның қолданылуының белгіленген мерзімі шегінде тауарлар әкелу үшін Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімінде көзделген кедендік әкелу баждарының жеңілдікті мөлшерлемелері тарифтік квоталар шеңберінде әкелінетін тауарлар импортына лицензияның қолданылу кезеңінде тауарлар әкелінген және кедендік декларация берілген жағдайда қолданылады.

Қорытынды ережелер

12. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушілерге жіберілсін.

13. Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Федорцов

Баяндамашы судья

А.М. Ажибраимова

Судьялар

Э.В. Айриян

Ж.Н. Бәйішев

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

К.Л. Чайка